

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2018 жылға арналған субсидия көлемдерін бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 29 қазандағы № 313 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 1 қарашада № 5689 болып тіркелді.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 7-бабы 2-тармағының 18) тармақшасына сәйкес және "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 15 маусымдағы № 256 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 17306) бұйрығын іске асыру мақсатында, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2018 жылғы 24 қыркүйегіндегі келісу негізінде Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға 1, 2 қосымшаларға сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2018 жылға арналған субсидиялардың көлемдері бекітілсін.

2. "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2018 жылға арналған субсидия нормативтері мен көлемдерін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 23 ақпандағы № 46 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 5497, 2018 жылғы 1 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде, 2018 жылғы 8 наурызда "Дидар", "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы әкімдіктің қаулысы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерінің облыс аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жолдауды;

4) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроөнеркәсіп кешені мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі

Д. Ахметов

Шығыс Қазақстан
облысы әкімдігінің
2018 жылғы 29 қазандағы
№ 313 қаулысына 1 қосымша

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2018 жылға арналған субсидиялардың көлемдері

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 28.11.2018 № 346 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидия-ланатын көлем	Субсидиялар көлемі, мың теңге
Етті мал шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1)	Тауарлық аналық бас	бас	10 000	5 417	54 163,2
2)	Асыл тұқымды аналық бас	бас	20 000	2 323	46 460
	Барлығы:				100 623,2
Марал шаруашылығы (бұғы шаруашылығы)					
1.	Аналық бас пен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	бас	10 000	2 416	24 160
	Барлығы:				24 160
Балара шаруашылығы					

1.	Балара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	балара ұясы	5 000	13 797	68 985
	Барлығы:				68 985
	Барлық сомасы:				193 768,2

Шығыс Қазақстан
облысы әкімдігінің
2018 жылғы 29 қазандағы
№ 313 қаулысына 2 қосымша

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2018 жылға арналған субсидиялардың көлемдері

Ескерту. 2-қосымша жана редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 28.11.2018 № 346 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидияланатын көлем	Субсидиялар көлемі, мың теңге
Етті мал шаруашылығы					
1.	Асыл тұқымдық және селекциялық жұмыс жүргізу				
1.1	Тауарлы аналық бас				
1)	Базалық норматив	бас	10 000	46 516	465 160
	Қосымша норматив:				
2)	80 %-дан бастап қоса алғанда төл беру шығымы	бас	8 000	11 346	90 768
	60 %-дан бастап қоса алғанда төл беру шығымы	бас	6 000	6 107	36 642
1.2	Асыл тұқымды аналық бас				
1)	Базалық норматив	бас	10 000	5 737	57 370
	Қосымша норматив:				
2)	80 %-дан бастап қоса алғанда төл беру шығымы	бас	20 000	7 090	141 800
	70 %-дан бастап қоса алғанда төл беру шығымы	бас	15 000	32	480
2.	Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу	бас	150 000	326	48 753,5
	Барлығы:				840 973,5
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1.1	Асыл тұқымды аналық бас				
1)	Базалық норматив	бас	10 000		

	Қосымша норматив:				
2)	80 %-дан бастап қоса алғанда төл беру шығымы	бас	20 000	1 032	20 640
	70 %-дан бастап қоса алғанда төл беру шығымы	бас	15 000		
2.	Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу				
1)	отандық шаруашылықтардың асыл тұқымды ірі қара малы	бас	170 000	64	10 754
	Барлығы:				31 394
Мал шаруашылығы					
1.	100 бастан бастап тірі салмақтағы бұқашықтарды бордақылау шығындарын арзандату				
1)	400-ден 450 килограмға дейін	бас	45 000	54	2 470
2)	451-ден 500 килограмға дейін	бас	60 000	44	2 640
3)	501-ден 550 килограмға дейін	бас	65 000	160	10 400
4)	551-ден 600 килограмға дейін және одан жоғары	бас	75 000	22	1 650
	Барлығы:				17 160
Шошқа шаруашылығы					
1.	Шошқа етін өндіру құнын арзандату				
1)	нақты бордақыланғаны 3 000 бастан бастап	кг	100	638 772,6	63 877,3
	Барлығы:				63 877,3
Қой шаруашылығы					
1.	Асыл тұқымды қойлар сатып алу				
1)	тұсақтар	бас	8 000	2 270	18 160
	Барлығы:				18 160
Жылқы шаруашылығы					
1.	Асыл тұқымды аналық бас сатып алу	бас	40 000	253	10 120
2.	Бие сүтін өндіру және қайта өңдеу құнын арзандату, оның ішінде ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін	кг	60	418 570	25 114,2
	Барлығы:				35 234,2
Азық өндіру					
1.	Мал шаруашылығы өнімін өндірумен айналысатын ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін құрамажем зауыттары өткізген құрамажем құнын арзандату	тонна	20 000	2 349,4	46 988
	Барлығы:				46 988
	Барлық сомасы:				1 053 787

Ескерту:

* "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 15 маусымдағы № 256 (Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 17306) бұйрығымен бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларының 32 тармағына сәйкес осы Қағидалар күшіне енгенге дейін мақұлданған, бірақ қаражаттың болмауы себепті төленбеген өтінімдер өтінімнің мақұлданыуы сәтіне қолданыста болған Қағидалардың шарттары бойынша төленуі тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК